

## Орман қоры жерінің жекелеген учаскесін басқа санаттағы жерге ауыстыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 наурыздағы N 253 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 130 және Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 51-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Ақтөбе облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу департаменті "Темір орман шаруашылығы" мемлекеттік мекемесінің орман қорының жерінен алаңы 5,3 гектар жер учаскесі өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы емес мақсаттағы жерлер санатына ауыстырылсын.

2. Ақтөбе облысының әкімі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген келісім-шарттық аумақтағы жер учаскесін жер асты суларын өндіруді жүргізу үшін Қазақойл Ақтөбе жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (бұдан әрі - серіктестік) беруді қамтамасыз етсін.

3. Серіктестік қолданыстағы заңнамаға сәйкес орманды жерлерді орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін оларды алып қоюдан туындаған орман шаруашылығы өндірісінің шығындарын республикалық бюджеттің кірісіне өтесін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 8

ж ы л ғ ы

1 7

н а у р ы з д а ғ ы

N

2 5 3

қ а у л ы с ы н а

қосымша

**Орман қоры жерінің санатынан өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес жерлер санатына ауыстырылатын Ақтөбе облысы табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу департаментінің "Темір орман шаруашылығы" мемлекеттік мекемесі жерінің**

### ЭКСПЛИКАЦИЯСЫ

Жер пайдаланушының атауы	Жалпы алаңы, га	Оның ішінде:			өзге де
о р м а н	егіс -	жайы -	шабын -		

көмкер - ген	тік	лым	дық	құм	жер - лер		
"Темір орман шаруашылығы" мемлекеттік мекемесі	5,3					5,3	
<b>БАРЛЫҒЫ:</b>	<b>5,3</b>					<b>5,3</b>	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК